**«6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Данаева Нурлыайым Турсынбайкызының «Этнокосемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

# РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); | Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) сәйкес келеді<br>7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.<br>«6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттары. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қ., Ақорда, 14.12.2017 ж.<br>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.<br>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді. |
| | | 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі нақты дәлелдер мен ғылыми деректер арқылы ашылған. Сондықтан зерттеудің ғылымға қосатын үлесін айқын деп бағалауға болады. Зерттеудің нысанын терең қарастырудан және тақырыптың зерттелу нәтижелерінен диссертациялық жұмыстың тақырыбының толыққанды ашылғандығын аңғаруға болады. Диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысында «Этнокөсемсөз» саласы туралы ғылыми-теориялық ұғымдар мен түсініктерді жан-жақты талдай отырып, оның жанрлық түрлерін синтездеуден ғылыми жаңалығы туындайды. Сондықтан диссертанттың бұған дейін зерттелмеген тың тақырыпты қозғағандығы байқалады.<br>Зерттеу жұмысында диссертант этникалық басылымдардың қалыптасу бағыттарын терең қарастыра отырып, оның Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жылдардағы отандық журналистиканың даму қарқынына да әсер еткендігіне ерекше назар аудартады. Осы орайда этникалық басылымдардың көсемсөз арқылы ортақ бұқаралық сананы өзгертуге тырысып, қазіргі адамзат өмірінің саяси-этникалық, діни-психологиялық құндылықтарын жетілдіруге тигізген ықпалын айқындап береді. Диссертацияда отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі салыстырмалы талдауларға орын берілген. Сондай-ақ диссертацияда этникалық мерзімді басылымдардың ерекшеліктерін зерттеуде ТМД ғалымдарының еңбектері де атап өтіледі. Соның ішінде филология ғылымдарының докторы, профессор В.З. Гарифуллиннің татар баспасөзі даму кезеңдері мен татар тіліндегі мұсылман БАҚ-тың қалыптасу мәселелеріне талдау жасағандығы, профессор Ф.Т.Кузбековтың Башқұртстан бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы және этникалық мәдениетінің даму мәселелерін зерттегендігі көрсетіледі. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа; | Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша ұсынған ғылыми жарияланымдарынан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) төмен; | диссертацияның жазу деңгейінің жоғарылығы және өз тарапынан терең ғылыми көзқарас таныта білу жағынан жазу принципінің дұрыстығы анық байқалады. Ғылыми жұмыс – бір тараптан ғана дайындалып ұсынылған, біртұтастықты қамтитын зерттеулерден тұрады. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінен орынды сілтемелер жасалған. |
| | | 4) өзі жазбаған. | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: | |
| | | 1) **негізделген;** | Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі ішкі бірлік принципінің негізінде ашылған. Этнокөсемсөздің зерттелу деңгейіне назар аудара отырып, оны отандық көсемсөз жанрларының даму ерекшеліктерімен байланысты қарастырған. Диссертант отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеу арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігін ашуға тырысады. 1991 жылдан бастап жарыққа шыққан «Ахыска» газеті, «Давар» газеті, «Наири» газеті, «Коре ильбо» газеті, «Українські новини» газеті, «Уйғур авази» газеті, «Жамият ва маърифат» сияқты Қазақстанда жарық көрген отандық бірнеше этникалық баспасөзді зерттеу көзіне айналдырады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Басылымдардың тарихи-мазмұндық, қоғамдық-саяси маңызын талдай отырып, диссертация тақырыбының өзектілігінің негіздемесін айқындайды. |
| | | 2) ішінара негізделген; | |
| | | 3) негізделмеген. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: | |
| | | 1) **айқындайды;** | Ізденуші Данаева Нұрлыайым Тұрсынбайқызының қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мазмұны «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбын жан-жақты көрсететін, толыққанды орындалған ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады. Зерттеуде тақырыпты терең қарастыру барысында диссертант ұсынған ғылыми деректер мен тұжырымдар нақты дәйектеулермен ұсынылған. Зерттеудің мазмұны мен қорытынды нәтижелері зерттеу тақырыбын айқындауға жол ашады. |
| | | 2) ішінара айқындайды; | |
| | | 3) айқындамайды. | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | |
| | | 1) **сәйкес келеді;** | Зерттеу барысында ізденушінің алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сәйкес құрылған. Ізденуші Данаева Нұрлыайым этнопублицистика ұғымы мен түсінігін жан-жақты қарастырып, ондағы публицистік туындылардың көрініс табу ерекшеліктерін зерттеген. Оның отандық БАҚ-қа әсері мен рухани ықпалын анықтауды алдына мақсат етіп қойған және осы мақсат пен міндеттердің орындалуына қол жеткізген. |
| | | 2) ішінара сәйкес келеді; | |
| | | 3) сәйкес келмейді. | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | |
| | | 1) **толық байланысқан;** | Ізденуші Н. Данаеваның диссертациялық жұмысының ғылыми аппараты мен жалпы құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, одан алынған ғылыми нәтижелері бір-бірімен қабыса байланысады. Диссертация құрылымы кіріспеден, 3 бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан және қысқаша тұжырымдардан, қорытындыдан, қосымшалардан пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. |
| | | 2) ішінара байланысқан; | |
| | | 3) байланыс жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **сыни талдау бар;**<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі мәліметтерге сәйкес салыстырмалы зерттеулерге ұласқан. Зерттеушінің өз тарапынан жасаған ғылыми көзқарастары мен сыни талдаулары бар. Бұл зерттеуге дейін ғалымдар ұсынған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сыни-талдауларынан өтіп отырады. Автордың тың пайымдаулары мен ғылыми тұжырымдары да орынды қоданыс тапқан. Диссертацияда қазақстандық этностарды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстыратындығына бірнеше дәлелдер келтіріледі. Сондай-ақ көпэтносты және көпконфессиялы Қазақстан үшін ұлт пен мемлекет қалыптастыру этносаралық бірігудің объективті факторы ретінде көрсетіледі. Осыған орай қазіргі таңда Қазақстан халқында қазақстандық рух, қазақстандық мінез, жалпы қазақстандық мәдениет қалыптасып келеді. Диссертант халықтың көп ұлтты құрамын және ел халқын мемлекет құрылысына жұмылдыру міндетін ескере отырып, қоғам құрудың өткен ғасырдың басында, Кеңес үкіметі тұсында қолға алына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бастағандығын айтып өтеді. Диссертант осындай деректерді мысалға келтіре отырып, этникалық құрамдағы халықтардың ана тілінде шығатын мемлекеттік деңгейдегі баспасөз жүйесін қалыптастыру қажеттілігінің де осы кезеңдерде туындағандығын ғылыми тұжырымдармен дәлелдейді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | |
| | | **1) толығымен жаңа;** | Зерттеу жұмысының жаңашылдық ұстанымының деңгейін журналистика мамандығы бойынша тұңғыш рет зерттеліп отырғандығымен бағалауға болады. Этнокөсемсөз туралы жасалған талдаулар жаңа ғылыми нәтижелер алуға көмегін тигізген. Диссертацияның зерттеу нәтижелері мен қағидаттарын жаңашылдық тұрғысынан тануға болады. Газет материалдарын цифрландырудың негізгі әдістерін пайдалана отырып "Этнокөсемсөз" электронды порталын іске қосуы - осының айғағы. |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) толығымен жаңа;** | Диссертацияның қорытындылары жаңа. Тараулардың әрбір қорытындысында жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдаулар орын алады. Диссертациялық жұмысты этнокөсемсөз (этнопублицистика) саласын зерттеуге арналған ізашар жаңалығы бар зерттеу ретінде бағалауға болады. Еліміздегі этникалық БАҚ-ты қалыптастырудан этностық-ұлттық бірдейлікті дамытудың маңызды жолдары пайда болады. Этнокөсемсөз саласын зерттеу көзіне айналдыру тек журналистиканы ғана емес, жалпы отандық ғылымды дамыту мен еліміздегі этносаралық қатынастарды реттеп отыруға көмегін тигізеді. |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсатына байланысты өзгешеліктер орын алған соң тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп есептеуге болады. |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Ғылыми жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда көрсетілген дәлелдемелерге негізделіп жасалған. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде пайда болған тұжырымдары дәлел бола алады:<br>- Түрлі ұлттық диаспоралар шығарып жатқан газеттер мен журналдардың отандық журналистикаға тигізер ықпалын айқындай отырып, оқырмандарға дер кезінде жеткізіп отыру маңызды болмақ;<br>- Қазақстанда жарық көріп жатқан этностық басылымдардың ұлтаралық татулықты нығайтып, ұлттар мен ұлыстардың бірін бірі түсінісуіне және құрметтеуіне жол ашатын зор мүмкіндіктер ретінде бағалаған дұрыс;<br>- Қазақ тілінде жарық көріп жатқан барлық этникалық басылымдар тіліміз бен ұлттық салт-дәстүріміздің ұрпақ санасында жаңғыруына орасан зор ықпал етеді;<br>- Барлық басылымдарда жарық көретін этностық ұлт өкілдерінің тарихы мен тағдыры, бүгіні мен болашағы, салты мен дәстүрі, әдеті мен әдебі, өнері мен мәдениеті туралы жарияланымдардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жиынтығын «этнокөсемсөз» деп атау қажет;<br>- Ұлттық диаспоралардың БАҚ мазмұны мен пішініне сәйкес «этножурналистика» деп аталуы тиіс;<br>- Этнокөсемсөз деп ұлт туралы, оның тілі, тарихы, тағдыры, дәстүрі, салттары мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті, кәсібі мен шаруашылығы туралы жазбаша жарық көрген жарияланымдардың мазмұндық-пішіндік жиынтығы деп тұжырым жасауға болады;<br>- Этнокөсемсөз - этникалық түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп жатқан аймақтарда аса маңызды болып саналатын журналистік-публицистік туындылар болып саналады. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: | |
| | | 7.1 Ереже дәлелденді ме? | |
| | | 1) **дәлелденді;** | 7.1. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік пен этномәдениетті сақтау – әр халық үшін маңызды міндет. Бұл процесте мемлекеттік саясат, білім беру, ақпараттық кеңістік және мәдени жобалар басты рөл атқарады. Жаһандық өзгерістерге бейімделе отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан сияқты көпэтносты елдің тұрақты дамуы мен ұлттық сананың нығаюының негізі болып қала береді. Бұл тұрғыда диссертан Н.Данаеваның негізгі қағидаттарға сәйкес толық дәлелдеулері бар. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен, қысқаша қорытындылардан көрініс тауып отырады. |
| | | 2) шамамен дәлелденді; | |
| | | 3) шамамен дәлелденбеді; | |
| | | 4) дәлелденбеді; | |
| | | 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.2 Тривиалды ма? | |
| | | 1) иә; | |
| | | **2) жоқ;** | 7.2. Әрбір қағидат тривиалды емес деп саналады. Автор қағидаттары түрлі әдіс-тәсілдер негізінде жан-жақты қарастырылған. |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.3 Жаңа ма? | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;** | 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар мейлінше жаңа. Журналистика саласына қатысты бұған дейінгі зерттеулерде диссертацияда талданған мәселелер арнайы зерттеу көзі болған емес. Сол себепті нәтижелері де тың жаңалық болып саналады. |
| | | 2) жоқ; | |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.4 Қолдану деңгейі: | |
| | | 1) тар; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | **3) кең** | 7.4. Қолдану деңгейі кең. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері журналистер даярлайтын ЖОО мен студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажет. Әсіресе, электронды "Этнокосемсөз" сайты этникалық журналистика бойынша оқытылатын пәндердің бағдарламалар мен оқулықтарын құрастыру кезінде нақты ғылыми-дереккөз ретінде пайдалануға бағыт-бағдар бола болады. |
| | | 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;** | 7.5. Зерттеу жұмысы барысында 13 мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан өткен. |
| | | 2) жоқ | |
| | | 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектері пайдаланылған. Диссертация этникалық БАҚ-ты талдауға және олардың тарихи-танымдық сипаттамаларына кешенді баға беруге негізделген. Сонымен қатар диссертант зерттеу жұмысында тарихи деректерді жүйелеу, этнопублицистикалық жарияланымдарды жинастыру, ғылыми-теориялық тұжырымдар жасау, сонымен қатар құрылымдық-функционалдық, кешенді және салыстырмалы талдаулар әдістеріне сүйенеді. |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | |
| | | **1) ия;** | Диссертациялық жұмыстың нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғандығы байқалды. |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Диссертацияда ізденуші тарапынан жасалған теориялық қорытындылар мен модельдер қазақ журналистикасының тарихи-теориялық даму негіздерін қалыптастыруға бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар теориялық қорытындылар жекелеген этникалық басылымдардағы жарияланымдардың ерекшеліктері мен ықпалын тереңінен қарастыруға, этнокөсемсөз жанрларын сараптауға, этнокөсемсөздегі ұлттық бірегейлік пен ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін талдап, зерделеуге көмегін тигізеді. |
| | | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған. | Диссертацияда этнокөсемсөз жанрларының мәселелері, жанрлық табиғаты мен этнокөсемсөз тілі, бейнелеуіш және айқындауыш құралдары тиянақты қарастырылады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер мен ғылыми дереккөзер саны жеткілікті болып есептеледі. Онда журналистика бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 170 дереккөз көрсетілген. Бұл көрсеткішті диссертанттың зерттеу жұмысын толық орындап шығуын толық қамтамасыз етеді деп есептеуге болады. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>**1) бар;**<br>2) жоқ. | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары екендігі айқын. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі журналистиканың, сондай-ақ оның теориялық заңдылықтарын жан-жақты қарастырып, көсемсөз жанрларын зерттеу арқылы этникалық мерзімді басылымдардың да типологиялық параметрлерін айқындап қарастыруға септігін тигізеді және зерттеу жұмысында практикалық құндылық принципі толық орындалған деп санауға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ. | Этнокөсемсөз мәселесін зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қорытындылары осы салада ғылыми ізденістер жасайтын ғалымдар мен зерттеушілерге көмегін тигізеді. Зерттеу жұмысында жасалған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | практикалық тұжырымдар этножурналистикадағы теориялық мәселелерді ұғынуға жол ашады. Этнокосемсөз туралы түсініктер журналистика мамандығы бойынша оқытылатын семинарлар мен дәрістерде, сондай-ақ «Этножурналистика» білім беру бағдарламаларын игеру үшін қолдануға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? | |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | Диссертациялық жұмыстың әр бөлімі мен қорытындысында кездесетін практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып саналады. Сондықтан Н. Данаеваның «Этнокосемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбындағы диссертациясы – осы деңгейде орындалатын жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап беретін, ғылыми және практикалық мәні жоғары аяқталған еңбек деп тануға негіз бар. Зерттеу нәтижелері этножурналистика саласындағы білімді тереңдетуге, болашақ журналистер мен ғалымдарға әдістемелік құрал ретінде қолдануға жарамды. Сонымен қатар, бұл жұмыс этностық мәдениет пен журналистика арасындағы байланысты дамытуға ықпал етеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасы ғылыми стильге негізделген. Онда нақты деректер мен мәліметтер ғылыми стильде талданған. Соның нәтижесінде нақты ғылыми тұжырымдар жасалып, зерттеудің талапқа сай орындалуына мүмкіндік туған. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Отандық мерзімді басылымдардан атап айтқанда *"Егеменді Қазақстан", "Жас алаш" газеттерінен келтірілген Рухани жаңғыруға байланысты мысалдарды мейлінше қысқарту керек.* Зерттеу әдіснамасы дұрыс таңдалғанымен, кейбір эксперименттік *әдістер қосымша дәлелдер мен нақты деректерді қажет етеді.* Бірақ бұл ескертулер зерттеудің ғылыми мазмұны мен теориялық маңызына нұқсан келтірмейді. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Зерттеу жұмысының басты нәтижелері бойынша 13 мақала жарияланған. ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 4, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік отандық конференцияларда 4, шетелдік конференцияларда 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мақала жарық көрген. Сонымен қатар, Скопус базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық басылымда 1 мақала жарияланған және диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өткен. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Данаева Нурлыайым Турсынбайкызының «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған, толық аяқтаған жұмыс және "Дәреже беру" қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын. |

**Ресми рецензент:**
**М.Әуезов атындағы**
**Әдебиет және Өнер институты,**
**ф.ғ.д., профессор.**
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

_______________ (қолы)

**Ақыш Нұрдәулет Бәбиханұлы**
(Аты-жөні)